

Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган жазып берген шығаруға құжаттардың тізілімін беру ережесін, нысаны мен мерзімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 595 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5425 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.30 № 686 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 270-бабы 3-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган жазып берген шығаруға құжаттардың тізілімін беру ережесі мен мерзімі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган жазып берген шығаруға құжаттардың тізілім нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық Комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

Б. Жәмішев

К е л і с і л д і :

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
В. Божко*

2008 жылғы 22 желтоқсан

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган жазып берген шығаруға құжаттардың тізілімін беру ережесі

1. Осы Ережелер Мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды мемлекеттік материалдық резервтер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жазып берген шығаруға құжаттардың тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) беру тәртібі мен мерзімін толтыру тәртібін айқындайды.

2. Тізілімді уәкілетті орган мемлекеттің материалдық резервтен тауарлар шығарылғаннан кейін жасайды.

3. Тізілімді уәкілетті орган қағаз тасығышта мемлекеттік немесе орыс тілінде екі данада уәкілетті органның тіркеу есебінің орны бойынша салық органына береді. Тізілімнің бір данасы салық органының белгісі қойыла отырып, уәкілетті органға қайтарылады.

4. Тізілімді беру үшін есепті кезең күнтізбелі тоқсан болып табылады.

5. Тізілім есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 күнінен кешіктірілмей беріледі.

6. Тізілім есепті кезең ішінде мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған тауарлар бойынша уәкілетті орган жазып беретін құжаттар туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

7. Тізілім мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кезекті – Тізілімді беру бойынша міндеттеме алғаш туындаған есепті кезең үшін және осындай кезеңнен кейінгі есепті кезеңдер үшін уәкілетті орган берген Тізілім;

2) қосымша – бұрын берілген Тізілімге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу кезінде уәкілетті орган аталған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар жататын есепті кезең үшін берген Тізілім.

8. Тізілімде мынадай деректер көрсетілген:

А бағанында – жолдың реттік нөмірі;

В бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжатта көрсетілген сатып алушы салық төлеушінің тіркеу нөмірі (салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі);

Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі "Жеке нөмірлердің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес салық төлеушіде ол

болған жағдайда толтырылады.

С бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжаттың нөмірі;

Д бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжаттың көшірме жазбасының күні;

Е бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжатында көрсетілген тауарлардың қосылған құн салығын есепке алмағанда жалпы құны;

Ғ бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжатында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы;

Г бағанында - мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруға арналған құжаттың негізінде есепке жатқызылуы тиіс;

Г және Ғ бағанында қорытынды мөлшер тізілімнің бірінші бетінде тек қана көрсетіліп жатқан және шағылысқандардың барлық беттердің тап осы бағанасында барлық мөлшерлердің қосу жолымен анықталып жатыр;

9. Тізілім қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғыларын пайдалана отырып, толтырылуы тиіс.

10. Тізілімді толтырған кезде түзетулерге, тазартуларға және өшірулерге жол берілмейді.

11. Тізілім уәкілетті органның мөрімен куәландырылады және оған уәкілетті органның Тізілімді жасауға жауапты тұлға, сондай-ақ басшысы не өзге уәкілеттендірілген лауазымды тұлғасы қол қояды.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2008 жылдың 22 желтоқсандағы

N 595 бұйрығына 2-қосымша

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ ШЫҒАРУҒА УӘКІЛ ЕТІЛГЕНМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ЗАТТЫҚ РЕЗЕРВТЕРІ САЛЫҚ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАУАРЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАТТЫҚ РЕЗЕРВТЕРІ ТІЗІМІ

(қағаз мәтінінен қараңыз)